

"Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 20 сәуірдегі № 29, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 164, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № ҚР ДСМ-50, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 243, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 113 және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 56/НҚ бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 7, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 16, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 16, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 7 ақпандағы № 85, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 20 және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 33/НҚ бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 9 ақпанда № 31881 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 20 сәуірдегі № 29, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 164, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № ҚР ДСМ-50, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 243, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 113 және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 56/НҚ бірлескен бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18592 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 51) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесі осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Өңірлік даму департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдарының жетекшілік ететін вице-министрлеріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі

_____ Г. Бейсембаев

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

_____ А. Гиният

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі

_____ А. Оралов

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі

_____ М. Карабаев

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

_____ Б. Мусин

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

_____ А. Куантыров

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2023 жылғы 25 қаңтардағы
№ 16,
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2023 жылғы 25 қаңтардағы
№ 16,
Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрі
2023 жылғы 25 қаңтардағы
№ 20,
Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің 2023 жылғы
7 ақпандағы № 85,
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрі 2023 жылғы
30 қаңтардағы № 33/НҚ мен
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 20 қаңтардағы № 7
Бірлескен бұйрыққа
қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы 23 сәуірдегі № 164
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2019 жылғы 25 сәуірдегі № ҚР
ДСМ-50
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің 2019 жылғы
23 сәуірдегі № 243
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрінің 2019 жылғы
22 сәуірдегі № 113
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 20 сәуірдегі № 29
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, қорғаныс
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің 2019 жылғы
25 сәуірдегі № 56/НҚ
бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесі

1. Осы Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесі (бұдан әрі – Жүйе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 51) тармақшасына сәйкес әзірленді және объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) тізбесін, сондай-ақ олардың қолжетімділігі мен қалалық

және ауылдық елді мекендер үшін азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша көлік, мәдени-демалыс, спорттық, іскерлік, өндірістік, цифрлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі көрсеткіштерін айқындайды.

Жүйенің мақсаты елді мекендердің типіне (қала, ауыл) және мөлшеріне (халық санына) қарай объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) халыққа қолжетімділігінің ең төменгі міндетті деңгейін қамтамасыз ету болып табылады.

2. Осы Жүйеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар – Қазақстан Республикасының қалалық және ауылдық елді мекендері халқының өмір сүру сапасын сипаттайтын объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілу жөніндегі өлшемшарттар мен талаптар (ең төменгі жағдайлар) жиынтығы;

2) "көпорталықтылық" қағидаты – қала аумағын жоспарлау кезінде мемлекеттік және әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді (игіліктерді) қаланың қандай да бір бөлігіндегі халыққа неғұрлым жақын орналасқан бірнеше орталықтан (орыннан) алу мүмкіндігін ескеретін қағидат;

3) қоныстану аумағы – тұрғын үй, қоғамдық және рекреациялық аймақтарды, сондай-ақ орналастырылуы мен қызметі арнаулы санитариялық-қорғаныш аймақтарын талап ететіндей ықпалы жоқ инженерлік және көліктік инфрақұрылымдардың жекелеген бөліктерін, басқа да объектілерді орналастыруға арналған елді мекен аумағының бір бөлігі.

3. Жүйе:

орталық атқарушы органдар – елдің әлеуметтік-экономикалық, өңірлік дамуын жоспарлау кезінде;

жергілікті атқарушы органдар – өңірлік проблемаларды шешу және нақты елді мекендердегі өмір сүру сапасын арттыру мақсатында пайдалануға арналған.

4. Жүйе шеңберінде өңірлік даму саласындағы уәкілетті орталық мемлекеттік орган мүдделі орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп қалалар мен ауылдардың объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) ең төменгі міндетті деңгейімен қамтамасыз етілуіне жыл сайын мониторинг жүргізеді. Мониторингке арналған деректерді жергілікті атқарушы органдар ұсынады.

5. Жүйеде елді мекеннің түріне қарай объектілер мен көрсетілетін қызметтер (игіліктер) тізбесін:

1) астана, республикалық маңызы бар қалалар;

2) облыстық маңызы бар қалалар;

3) аудандық маңызы бар қалалар, аудан орталықтары;

4) ауылдық округтердің орталықтары және тірек ауылдық елді мекендер;

5) қалған ауылдық елді мекендер деп санатқа бөлу болжанады.

6. Жүйені қолдану мыналарға:

елді мекендердің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуінің бірыңғай және біртұтас тәсілін әзірлеуге;

интегралды көрсеткішті пайдалану арқылы қалалық және ауылдық елді мекендердің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуін сандық және сапалық бағалауға;

қалалық аумақты жоспарлау кезінде "көпорталықтылық" қағидатының сақталуын қамтамасыз етуге;

халықтың өмір сүруінің барынша жайлы және қауіпсіз ортасын құруды қамтамасыз етуге;

халықтың объектілер мен көрсетілетін қызметтерге (игіліктерге) "20 минутта қадамдап жету" қағидатын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жағдайлар жасайды.

7. Жүйе шеңберінде астана және республикалық маңызы бар қалалар аумағында объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) тізбесі осы Жүйеге 1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

8. Жүйе шеңберінде облыстық маңызы бар қалалар аумағында объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) тізбесі осы Жүйеге 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

9. Жүйе шеңберінде аудандық маңызы бар қалалар мен аудан орталықтары аумағында объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) тізбесі осы Жүйеге 3-қосымшаға сәйкес айқындалады.

10. Жүйе шеңберінде ауылдық округтердің орталықтары мен тірек ауылдық елді мекендердің аумағында объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) тізбесі осы Жүйеге 4-қосымшаға сәйкес айқындалады.

11. Жүйе шеңберінде қалған ауылдық елді мекендердің аумағында объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) тізбесі осы Жүйеге 5-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Елді мекендерге арналған
өңірлік стандарттар жүйесіне
1-қосымша

Астанаға және республикалық маңызы бар қалаларға арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу үшін қолданылатын объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) тізбесі

р/с №	Объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) атауы	Базалық қуаты
1	Білім беру	
		Сәулет, қала құрылысы және құрылы саласындағы орталық уәкілетті органның бекітілген бұйрықтарына сәйкес халықтың оқушылар орындарына қажеттілігін есептеу "Қала құрылысы. Қалалық және

1.1	Білім беру мектептері	<p>ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу" ҚР ЕЖ 3.01-101-2013 В-қосымшасының (ақпараттық) В.1-кестесіне (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29 желтоқандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1 шілдеден бастап бекітілген) және х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қабылданады</p>
1.2	Мектепке дейінгі білім беру мекемелері	<p>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы орталық уәкілетті органның бекітілген бұйрықтарына сәйкес халықтың оқушылар орындарына қажеттілігін есептеу Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу" ҚР ЕЖ 3.01-101-2013 В-қосымшасының (ақпараттық) В.1-кестесіне (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29 желтоқандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1 шілдеден бастап бекітілген) және х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қабылданады</p>
1.3	Өртүрлі жастағы балалардың бос уақытын өткізуге, дамуына және демалуына бағытталған қосымша білім беру ұйымдары*	<p>Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес балаларды дамытуға арналған үйірмелер мен секцияларға қолжетімділік қадамдық қолжетімділікте қамтамасыз етіледі</p>

1.4	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (ТЖКБ) ұйымдары	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес ТЖКБ ұйымдарының жобалық қуаты - білім, медицина, өнер және мәдениет, сервис, экономика дайындық бағыттары бойынша кемінде 300 орын; Техникалық, аграрлық сала үшін - кемінде 350 орын
2	Денсаулық сақтау	
		<p>Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес:</p> <p>1) амбулаториялық жағдайда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері:</p> <p>бекітілген халық саны 1 500 (бір мың бес жүз) бастап 10 000 (он мың) адамға дейінгі аумақтық қызмет көрсету аймағы шегінде қалаларда құрылатын дәрігерлік амбулатория;</p> <p>бекітілген халық саны 10 000 (он мың) бастап 30 000 (отыз мың) адамға дейінгі аумақтық қызмет көрсету аймағы шегінде қалаларда құрылатын медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету орталығы;</p> <p>бекітілген халық саны 30 000 (отыз мың) адамнан астам аумақтық қызмет көрсету аймағы шегінде қалаларда құрылатын қалалық емхана (бұдан әрі - ҚЕ), бірақ кемінде бір ҚЕ;</p> <p>алғашқы психикалық денсаулық орталығы бекітілген халық саны 60 000 (алпыс мың) және одан астам адам болатын ҚЕ-да орналасқан психикалық денсаулық орталығының құрылымдық бөлімшесі ретінде, оның ішінде бір немесе бірнеше жақын орналасқан,</p>

амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін ұйымдардың халқына қызмет көрсету үшін құрылады; республикалық маңызы бар қалаларда және астанада құрылатын стоматологиялық емхана; республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы көп бейінді аурухананың немесе қалалық емхананың құрылымдық бөлімшесі ретіндегі консультациялық-диагностикалық орталық (200 000 (екі жүз мың) халыққа шаққанда біреу); жастардың денсаулық орталығы;

2) стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері:

республикалық маңызы бар қалаларда, астанада құрылатын көп бейінді қалалық аурухана;

республикалық маңызы бар қалаларда және астанада құрылатын көп бейінді қалалық балалар ауруханасы;

республикалық маңызы бар қалаларда және астанада құрылатын психикалық денсаулық орталығы;

республикалық маңызы бар қалаларда және астанада құрылатын фтизиопульмонология орталығы;

көп бейінді ауруханалардың құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылатын тері-венерологиялық, травматологиялық, инсульттік, ревматологиялық, офтальмологиялық, кардиологиялық және кардиохирургиялық орталықтар;

көп бейінді ауруханалар құрамындағы онкологиялық орталықтарды қоспағанда, оның ішінде денсаулық сақтау с а л а с ы н д а ғ ы

Денсаулық сақтау мекемелері (мемлекеттік-жекешелік
амбулаториялық-емханалық, әріптестіктің басым жобаларын
стационарлық және жедел іске асыру шеңберінде құрылатын

медициналық көмек көрсететін құрылымдық бөлімшелер және басқалар)

республикалық маңызы бар қалаларда және астанада құрылатын онкологиялық орталық ;

қалаларда құрылатын инфекциялық аурухана және (немесе) көп бейінді қалалық аурухана жанынан ұйымдастырылатын инфекциялық бөлімше;

қалаларда құрылатын перинаталдық орталық, перзентхана және (немесе) көп бейінді қалалық аурухана жанынан ұйымдастырылатын перинаталдық орталық, босандыру бөлімшесі;

3) республикалық маңызы бар қалаларда және астанада құрылатын медициналық жедел жәрдем станциясы;

4) медициналық оңалту ұйымдары - санаторийлік-курорттық ұйымдар, мамандандырылған санаторий, профилакторий, оңалту орталығы немесе медициналық ұйымдар жанынан ұйымдастырылатын оңалту бөлімшесі (төсектері);

5) паллиативтік көмек және мейіргер күтімін көрсететін ұйымдар – хоспис, мейіргер күтімі ауруханасы және (немесе) денсаулық сақтау ұйымдарының жанынан ұйымдастырылатын бөлімше, төсектер;

6) қан қызметі саласында қызметін жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада қан қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары болмаған кезде оларда құрылады;

7) республикалық маңызы бар қалаларда және астанада құрылатын патологиялық анатомия (цитопатология) саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;

8) республикалық маңызы бар қалаларда және астанада құрылатын АИТВ инфекциясы

		<p>профилактикасы саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;</p> <p>9) республикалық маңызы бар қалаларда және астанада құрылатын жетім балаларға, туғаннан бастап үш жылға дейін ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға, туғаннан бастап төрт жасқа дейін психикалық және физикалық дамуында ауытқулары бар балаларға арналған, баладан бас тарту қаупі бар отбасылармен психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;</p> <p>10) республикалық маңызы бар қалаларда және астанада құрылатын денсаулық сақтау саласындағы техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары;</p> <p>11) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын республикалық денсаулық сақтау ұйымдары:</p> <p>қалаларда құрылымдық бөлімшелері бар, астанада құрылатын Ұлттық сараптама орталығы;</p> <p>республикалық маңызы бар қалаларда құрылатын ғылыми ұйымдар;</p> <p>инфекциялық аурулардың табиғи ошақтарында құрылатын обаға қарсы станциялар.</p>
2.2	Дәріханалар*	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келетін дәріханалардың болуы
3	Әлеуметтік қамсыздандыру	
3.1	Арнаулы әлеуметтік қызметтер	Халықтың қажеттілігіне сәйкес
4	Мәдениет және спорт	
4.1	Мәдени-демалыс ұйымдары	
		Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық

4.2	Кинотеатрлар	саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бір кинотеатрдың жобалық қуаты халыққа 1000 адамға шаққанда 35 орын есебінен анықталады.
4.3	Музейлер	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес көрме залдары, өлкетану, тарихи, көркемсурет музейлері.
4.4	Театрлар	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес халық саны 30 000 адамнан астам болған кезде - 1000 адамға шаққанда 5-8 көрермен орыны және жас көрермен театрлары мен қуыршақ театры үшін 1000 балаға шаққанда 2-3 орын есебінде 1 театр; халық саны кемінде 500 000 адам болатын қалалар деңгейінде бір опера және балет театры мен бір кәсіби: драмалық, музыкалық-драмалық, жас көрермен, қуыршақ және өзге театрлар түрлерінен (балет, пантомима және басқалары) болуы көзделсін.
4.5	Концерттік ұйымдар	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бір концерттік ұйымның жобалық қуаты халқының саны 250 000 адамнан астам облыстық маңызы бар қалада 1000 адамға шаққанда 3,5-5 орын есебінен айқындалады
4.6	Цирк	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бір цирктың жобалық қуаты халық саны 250

		000 адамнан астам болған жағдайда 1000 адамға 3,5-5 орын есебінен айқындалады
4.7	Дене шынықтыру-сауықтыру кешені	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес спорт залының көлемі 1000 адамға 80 шаршы метр есебінен айқындалады. Бассейннің көлемі 1000 адамға 25 шаршы метр су бетін құрайды.
4.8	Спорт, тренажер залдары	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес спорт залының мөлшері 1000 адамға 80 шаршы метр есебінен айқындалады.
4.9	Кітапханалар*	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес 20000 адамға бір кітапхананың; 2 оқырман орнына шаққанда - 4000 сақтау бірлігінің болуы; 0,1 оқырман орнына шаққанда қосымша қоры 100 сақтау бірлігімен орталық кітапхана.
5	Бос уақыт және демалыс	
5.1	Зоологиялық саябақтар мен ботаникалық бақтар	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес халық саны 100000 адамнан астам болған кезде бір зоологиялық саябақ немесе ботаникалық бақ
5.2	Ойын-сауық және демалыс саябақтары (гүлзарлар/бульварлар	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес жабық ойын-сауық саябақтарының

	/тұрғындардың демалуына арналған бақтар)	жобалық қуаты қызмет көрсету аймағы 1000 адамға шаққанда еден көлемі 3 шаршы метр; 100 000-200 000 адамға 1 ашық ойын-сауық және демалыс саябағы есебінде айқындалады
5.3	Үй жануарларын серуендетуге және жаттықтыруға арналған алаңдар*	Астана, республикалық маңызы бар қалалар үшін - жалпы алаңы кемінде 400-600 шаршы метр (үй жануарларын серуендетуге және жаттықтыруға бейімделген аумақтардың болуы)
6	Көліктік инфрақұрылым	
6.1	Қоғамдық көлік (автобустар, трамвайлар, троллейбустар және т. б.)	Халықтың қоғамдық көлікке қол жеткізуі
6.2	Қоғамдық көлікпен жол жүру ақысын электрондық төлеу жүйесін ұйымдастыру	Қоғамдық көлікпен жол жүру ақысын электрондық төлеу жүйесінің болуы
6.3	Әуежай	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес республикалық маңызы бар қалалар үшін Халықаралық азаматтық авиация ұйымының 2,3 санаттағы халықаралық деңгейдегі әуежайының болуы
6.4	Автовокзал және / немесе автостанция	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес актілердің талаптарына автовокзал жолаушылар легі тәулігіне 500-ден астам адам болған кезде ұйымдастырылады. Автостанция жолаушылар легі тәулігіне 100-ден 500 адамға дейін болған кезде ұйымдастырылады.
6.5	Теміржол вокзалы	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес темір жол вокзалы қала теміржол

		магистральдық желісінің бойында орналасқан жағдайда ұйымдастырылады
6.6	Тұрақ кеңістігі*	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес актілердің талаптарынаавтомобильдер тұрағы әртүрлі функционалдық мақсаттағы объектілерге келушілеріне тиесілі автокөлік құралдарының тұрақтарда уақытша болуы ретінде айқындалады
6.7	Автожанармай құю станциялары, газ құю станциялары * (АЖҚС)	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкесактілердің талаптарына АЖҚС болуы қауіпсіз орналасуды ескере отырып, қамтамасыз етіледі
6.8	Техникалық қызмет көрсету станциясы* (ТҚКС)	ТҚКС болуы құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес айқындалады
6.9	Автомобиль жуу орындары*	Автомобиль жуу орнының болуы Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес айқындаладыактілердің талаптарына
7	Жол инфрақұрылымы	
7.1	Қалаішілік жолдар	Ішкі жолдардың 100% - ы қатты жабынмен қамтамасыз етіледі
7.2	Жолды жарықтандыру	Ішкі жолдардың 100% - ы жол жарығымен қамтамасыз етіледі
8	Инженерлік инфрақұрылым	
8.1	Орталықтандырылған электрмен жабдықтау	Құрылыс нормалары мен қағидаларының талаптарына сәйкес елді мекен үздіксіз электр жабдықтаумен қамтамасыз етіледі

8.2	Орталықтандырылған сумен жабдықтау	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкесактілердің талаптарына елді мекен орталықтандырылған сумен жабдықтаумен 100% қамтамасыз етіледі
8.3	Су бұру жүйесі	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес актілердің талаптарына айқындалады
8.4	Орталықтандырылған жылумен жабдықтау	Орталықтандырылған сумен жабдықтаудың болуы құрылыс нормалары мен қағидаларының, х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес анықталады
8.5	Орталықтандырылған газбен жабдықтау*	Газбен жабдықтаудың болуы
8.6	Тұрғын үй қоры	Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес
9	Қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету	
9.1	Учаскелік полиция пункті	Учаскелік полиция пункті: қалаларда төрттен артық емес әкімшілік учаскелердің шекараларында ұйымдастырылады. Әкімшілік учаскенің (ықшамаудан) орталығында орналасады. Учаскелік полиция пункті жеке тұрған ғимаратта болады. Кәсіпорындармен, ұйымдармен бір ғимаратта немесе тұрғын үйлерде орналасқан кезде бірінші қабатта орналасады және мүгедектерге арналған пандуспен жабдықталған жеке кіру есігі болады. Учаскелік полиция пунктін орта білім беру мектептерімен және мектепке

		дейінгі ұйымдармен бір ғимаратта орналастыруға жол берілмейді. Учаскелік полиция пункті учаскелік полиция инспекторларына, олардың көмекшілеріне және ювеналдық полиция қызметкеріне арналған жұмыс кабинеттерінен, азаматтарды қабылдау және жұртшылықпен жұмыс бөлмесінен, жеткізілген адамдарға арналған үй-жайдан, демалыс бөлмесінен (жеке), санитариялық тораптан тұрады.
9.2	Өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің болуы	Қалалар мен елді мекендер үшін өрт сөндіру деполары мен өрт сөндіру автомобильдерінің саны "Өртке қарсы қызмет органдарының объектілерін жобалау" 2.02-105-2014 ҚР ЕЖ-да көзделген елді мекен аумағының алаңына және халықтың санына байланысты
9.3	Тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚК) көмуге арналған полигондар	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес елді мекендер аумағында тұтыну қалдықтарын жинауды, пайдалануды, қолдануды, залалсыздандыруды, тасымалдауды, сақтауды және көмуді мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.
9.4	Қоқыс өңдеу кешені	Қоқыс өңдеу кешенінің болуы құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес айқындалады
9.5	Қоқысты сұрыптау кешені	Қоқысты сұрыптау кешенінің болуы құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес айқындалады
		Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы

9.6	Қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) бөлек жинауға арналған контейнерлер	нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес ҚТҚ жинауға арналған контейнерлер қақпақтармен жабықталады. Елді мекендерде контейнер алаңын уақытша қоныстарды (вахталық кенттерді, стационарлық емес объектілер мен құрылыстарды) қоспағанда, тұрғын және қоғамдық ғимараттардан, балалар объектілерінен, спорт алаңдарынан және халықтың демалыс орындарынан кемінде 25 м қашықтықта орналастырады.
9.7	Қайталама шикізатты қабылдау пункттері	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес халықтан қайталама шикізатты қабылдау пункттерін жеке ғимараттарда (павильондар-дүкендер) немесе тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының ғимараттарында жапсаржайларда жобалау қажет
9.8	Күл-қож қалдықтарына (КТҚ) арналған металл контейнерлер	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес абаттандырылған тұрғын үй қорында ҚТҚ жинау үшін контейнерлер қолданылады, жеке үй иеліктерінде қақпағы бар еркін конструкцияланған ыдыстарды пайдалануға жол беріледі
10	Ақпараттық коммуникация	
10.1	Пошта байланысы бөлімшесі	20-40 мың адамға 1 объект (операциялық зал, әкімшілік үй-жайлар, күтуге арналған зал, банкомат)
10.2	Тіркелген телефон желілері	Абоненттің нақты жабдығын коммутацияланатын жалпы пайдалану желісімен қосатын және телефон станциясының жабдығында бөлінген порты бар белсенді желі тіркелген телефон желісі болып табылады

10.3	Интернет желісіне кең жолақты қол жеткізу	"Байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 22 қарашадағы № 410 бұйрығына сәйкес сымсыз технологиялар үшін ең төменгі сапа параметрлері белгіленген: 3G – кемінде 1 Мбит/с, 4G – кемінде 5 Мбит/с, сымды технологиялар үшін – тарифтік жоспарда, шартта белгіленген мәннің кемінде 70%
10.4	Ұялы байланыс (дауыс жеткізу)	Жылжымалы ұялы байланыс технологиясын пайдаланатын телефон байланысы желілерінің көрсетілетін қызметтері (дауысты жеткізу)
10.5	Ашық қол жетімді Wi-Fi аймағы*	PWLAN қол жеткізу нүктелері сымсыз жергілікті жалпы пайдалану желілеріне ("жедел нүктелер") қол жеткізуді қамтамасыз етеді. PWLAN желілері Wi-Fi ретінде танымал IEEE 802.11 стандартына негізделген, оның көмегімен пайдаланушылар сымсыз технологияны қолдана отырып, Интернетке қол жеткізе алады. Wi-Fi Интернетке тікелей қосылуды қамтамасыз етпейді, DSL, кабельдік модем, FTTH, WiMax, кең жолақты ұялы байланыс арқылы ғана кең жолақты қосылымды қайта бөледі
11	Тұрмыстық қызмет көрсету инфрақұрылымы	
11.1	Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары* (кір жуу орындары, химиялық тазалау орындары, қоғамдық моншалар, қоғамдық дәретханалар)	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес киімді тигу, жөндеу және аяқ киімді жөндеу бойынша объектінің болуы анықталады (кемінде 2-3 жұмыс орны)
		Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес азық-түлік

11.2	Сауда объектілері* (азық-түлік тауарларының дүкендері, өнеркәсіптік тауарлар дүкендері, көше саудасын жүргізуге арналған сауда павильондары, фудмаркеттер, қоғамдық тамақтану кәсіпорындары, аспаздық дүкендер)	тауарлары дүкендерінің жобалық қуаты - 1000 шаршы метр сауда алаңына сәйкес келеді. Өнеркәсіптік тауарлар дүкендері - 1800 шаршы метр сауда алаңы. Көше саудасын жүргізуге арналған сауда павильондары – қуатына байланысты емес. Фудмаркеттер - 1000 шаршы метр сауда алаңы. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындары - 100 орын. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындары - 100 орын. Аспаздық дүкендер - 60 шаршы метр сауда алаңы.
11.3	Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар*	"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-тармағына, сондай-ақ бекітілген ветеринариялық-санитариялық нормалар мен санитариялық қағидаларға сәйкес ветеринариялық ұйымдардың болуы
12	Көрсетілетін қызметтер инфрақұрылымы	
12.1	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ бөлімі	"Азаматтарға арналған үкімет" МК КЕАҚ болуы
12.2	Кәсіпкерлерді қолдау орталығы	Халықты КҚКО көрсетілетін қызметтерімен қамту
12.3	Банк бөлімшелері*	Банк бөлімшелері мен банкоматтардың болуы
12.4	Заң консультациялары/нотариус*	Жұмыс істейтін адвокаттардың, нотариустардың болуы

Ескертпе:

* ұсынылатын объектілер

Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесіне
2-қосымша

Облыстық маңызы бар қалаларға арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеуде қолданылатын объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) тізбесі

р/с №	Объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) атауы	Базалық қуаты
1	Білім беру	
		Сәулет, қала құрылысы және құрылы саласындағы орталық

1.1	Білім беру мектептері	<p>уәкілетті органның бекітілген бұйрықтарына сәйкес халықтың оқушылар орындарына қажеттілігін есептеу "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылыс жүргізу" ҚР ҚЕ 3.01-101-2013 В-қосымшасының (ақпараттық) В.1-кестесіне (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29 желтоқандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1 шілдеден бастап бекітілген) және</p> <p>х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қабылданады</p>
1.2	Мектепке дейінгі білім беру мекемелері	<p>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы орталық уәкілетті органның бекітілген бұйрықтарына сәйкес халықтың оқушылар орындарына қажеттілігін есептеу "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылыс жүргізу" ҚР ҚЕ 3.01-101-2013 В-қосымшасының (ақпараттық) В.1-кестесіне (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29 желтоқандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1 шілдеден бастап бекітілген) және</p> <p>х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қабылданады</p>
1.3	Әр түрлі жастағы балалардың бос уақытын өткізуге, дамуына және	<p>Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес балаларды</p>

	демалуына бағытталған қосымша білім беру ұйымдары*	дамытуға арналған кружоктар мен секцияларға қолжетімділік қадамдық қажеттілікте қамтамасыз етіледі.
1.4	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (ТЖКБ) ұйымдары	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес ТжәнеКБ ұйымдарының жобалық қуаты - келесі дайындық бағыттары бойынша кемінде 300 орын: білім, медицина, өнер және мәдениет, сервис, экономика. Техникалық, аграрлық сала үшін - кемінде 350 орын
2	Денсаулық сақтау	
		<p>Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес:</p> <p>1) амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері:</p> <p>бекітілген халық саны 1500 (бір мың бес жүз) адамнан 10 000 (он мың) адамға дейінгі аумақтық қызмет көрсету аймағы шегінде қалаларда құрылатын дәрігерлік амбулатория;</p> <p>бекітілген халқының саны 10000 (он мың) адамнан 30000 (отыз мың) адамға дейінгі аумақтық қызмет көрсету аймағы шегінде қалаларда құрылатын алғашқы медициналық-санитариялық көмек орталығы;</p> <p>аумақтық қызмет көрсету аймағы шегінде тіркелген халқының саны 30000 (отыз мың) адамнан асатын қалаларда, бірақ кемінде бір құрылатын қалалық емхана (бұдан әрі - ҚЕ);</p> <p>бастапқы психикалық денсаулық орталығы бекітілген халық саны 60000 (алпыс мың) адамнан асатын, оның ішінде жақын маңдағы бір немесе бірнеше</p>

Денсаулық сақтау мекемелері (амбулаториялық-емханалық, стационарлық және жедел медициналық көмек көрсететін құрылымдық бөлімшелер)

амбулаториялық-емханалық ұйымдардың халқына қызмет көрсету үшін ҚЕ құрамында құрылады;

стоматологиялық емхана;

көп бейінді облыстық аурухананың немесе қалалық емхананың (200 000 (екі жүз мың) халыққа шаққанда біреу) құрылымдық бөлімшесі ретінде

консультациялық -
диагностикалық орталық;

жастар денсаулық орталығы;

2) стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері:

кемінде 100000 (жүз мың) адам халқы бар қалаларда құрылатын қалалық аурухана;

халқының саны 100000 (жүз мың) адамнан асатын жақын маңдағы аудандардың халқына қызмет көрсету үшін қалаларда құрылатын көпбейінді қалалық аурухана;

облыс орталығында құрылатын көпбейінді облыстық аурухана;

облыс орталығында құрылатын көп бейінді облыстық аурухана;

халқы 300000 (үш жүз мың) адамнан асатын қалаларда құрылатын көп бейінді қалалық балалар ауруханасы;

облыс орталығында құрылатын көп бейінді облыстық балалар ауруханасы;

облыс орталығында құрылатын облыстық психикалық денсаулық орталығы;

облыс орталығында құрылатын облыстық фтизиопульмонология орталығы;

тері-венерология,

травматологиялық, инсульт, ревматология, офтальмология, кардиология және кардиохирургия орталықтары көп бейінді ауруханалардың құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады; көп бейінді ауруханалар құрамындағы онкологиялық

орталықтарды қоспағанда, облыс орталығында құрылатын, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің басым жобаларын іске асыру шеңберінде құрылатын онкологиялық орталық;

облыс орталығында құрылатын инфекциялық аурухана және (немесе) көп бейінді облыстық аурухана жанынан ұйымдастырылатын инфекциялық бөлімше;

облыс орталығында құрылатын перинаталдық орталық, перзентхана және (немесе) көп бейінді облыстық аурухана жанынан ұйымдастырылатын перинаталдық орталық, босандыру бөлімшесі;

3) медициналық авиация бөлімшесін қоса алғанда облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы;

4) медициналық оңалту ұйымдары - санаторийлік-курорттық ұйымдар, мамандандырылған санаторий, профилакторий, оңалту орталығы немесе медициналық ұйымдар жанынан ұйымдастырылатын оңалту бөлімшелері (төсектері);

5) паллиативтік көмек және мейіргер күтімі көрсететін ұйымдар – хоспис, мейіргер күтімі ауруханасы және (немесе) денсаулық сақтау ұйымдарының жанынан ұйымдастырылатын бөлімше, төсектер;

6) қан қызметі саласында жұмысты жүзеге асыратын ұйымдар;

7) патологиялық-анатомиялық (цитопатология) қызметін жүзеге асыратын ұйымдар;

8) АИТВ инфекциясы профилактикасы саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;

9) облыстық деңгейде құрылатын жетім балаларға, туғаннан бастап үш жасқа дейін ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға

		<p>, туғаннан бастап төрт жылға дейін психикалық және физикалық дамуында ауытқулары бар балаларға арналған, баладан бас тарту қаупі бар отбасылармен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүргізетін денсаулық сақтау ұйымдары;</p> <p>10) облыстық деңгейде құрылатын денсаулық сақтау саласындағы техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары;</p> <p>11) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын республикалық денсаулық сақтау ұйымдары:</p> <p>облыстық деңгейде (облыс орталықтарында) құрылатын Ұлттық сараптама орталығының құрылымдық бөлімшелері.</p>
2.2	Медициналық мекемелерде Интернет желісіне қолжетімділікті ұйымдастыру	Интернетке қосылудың ең төменгі жылдамдық мәні 4 мб/сек
2.3	Дәріханалар*	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келетін дәріханалардың болуы
3	Әлеуметтік қамсыздандыру	
3.1	Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер	Халықтың қажеттілігіне сәйкес
4	Мәдениет және спорт	
4.1	Мәдени-демалыс ұйымдары	
4.2	Кинотеатрлар	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бір кинотеатрдың жобалық қуаты 1000 халық адамға 35 орын есебінен анықталады
		Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің

4.3	Музейлер	талаптарына сәйкес облыс орталықтарында және қалаларда өнер туындыларының жиынтығы бар. Қалаларда кемінде 100 000 адамға арналған көрме залдары
4.4	Театрлар	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес саны 30 000 адамнан жоғары болған жағдайда - 1000 адамға 5-8 көрермен орнынан және жас көрермен театрлары мен қуыршақ театры үшін 1000 балаға 2-3 орынан есептегенде, 1 театр; халқының саны кемінде 500 000 адам облыстық маңызы бар қалалар деңгейінде бір опера және балет театры мен бір кәсіби: драмалық, музыкалық-драмалық, жас көрермен, қуыршақтар және өзге түрлерден (балет, пантомима және басқалары) бір театрдан болуы көзделсін
4.5	Концерттік ұйымдар	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бір концерттік ұйымның жобалық қуаты халық саны 250 000 адамнан асатын облыстық маңызы бар қалада 1000 адамға 3,5-5 орын есебінен анықталады
4.6	Дене шынықтыру-сауықтыру кешені	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес спорт залының ауданы 1000 адамға шаққанда 80 шаршы метр есебінен айқындалады. Бассейннің ауданы 1000 адамға шаққанда 25 шаршы метрді құрайды.
		Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық

4.7	Спорт, тренажер залдары	саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес спорт залының ауданы 1000 адамға шаққанда 80 шаршы метр есебінен айқындалады.
4.8	Кітапханалар*	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес 10000-20000 адамға шаққанда 1 кітапхананың; 2 оқырман орнына шаққанда 4000 сақтау бірлігінің; 0,1 оқырман орнына шаққанда қосымша қоры 100 сақтау бірлігімен орталық кітапхананың болуы.
5	Бос уақыт және демалыс	
5.1	Зоологиялық парктер мен ботаникалық бақтар	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес халық саны 100000 адамнан астам болған жағдайда бір зоологиялық саябақ немесе ботаникалық бақ
5.2	Ойын-сауық және демалыс саябақтары (гүлзарлар/бульварлар /тұрғындардың демалуына арналған бақтар)	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес жабық ойын-сауық саябақтарының жобалық қуаты қызмет көрсету аймағы 1000 адамға шаққанда еден көлемі 3 шаршы метр; 100 000-200 000 адамға 1 ашық ойын-сауық және демалыс саябағы есебінде айқындалады
5.3	Үй жануарларын серуендетуге және жаттықтыруға арналған алаңдар*	Облыстық маңызы бар қалалар үшін - жалпы алаңы кемінде 400-600 м2 (үй жануарларын серуендетуге және жаттықтыруға бейімделген аумақтардың болуы)
6	Көлік инфрақұрылымы	
6.1	Қоғамдық көлік (автобустар, трамвайлар, троллейбустар және т. б.)	Халықтың қоғамдық көлікке қол жеткізуі

6.2	Қоғамдық көлікпен жол жүрудің ақысын электрондық төлеу жүйесін ұйымдастыру	Қоғамдық көлікпен жол жүрудің ақысын электрондық төлеу жүйесінің болуы
6.3	Әуежай	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес облыстық маңызы бар қалалар үшін халықаралық азаматтық авиация ұйымының 1 санаттағы халықаралық деңгейдегі әуежайдың болуы;
6.4	Автовокзал және / немесе автостанция	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес автовокзал жолаушылар легі тәулігіне 500-ден астам адам болған кезде ұйымдастырылады. Автостанция жолаушылар легі тәулігіне 100-ден 500 адамға дейін болған кезде ұйымдастырылады.
6.5	Теміржол вокзалы	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес темір жол вокзалы қаланың темір жол магистралды желінің бойында орналасуы жағдайында ұйымдастырылады
6.6	Тұрақ кеңістігі*	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес автомобиль тұрағы: түрлі функционалдық мақсаттағы объектілердің келушілеріне тиесілі автокөлік құралдарының тұрақтарда уақытша болуы
6.7	Автожанармай құю станциялары, газ құю станциялары * (АЖҚС)	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қауіпсіз

		орналасуы ескеріле отырып, АЖҚС болуы
6.8	Техникалық қызмет көрсету станциясы* (ТҚКС)	ТҚКС болуы құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес анықталады
6.9	Автомобиль жуу орындары*	Автомобиль жуу орнының болуы құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес анықталады
7	Жол инфрақұрылымы	
7.1	Қалаішілік жолдар	Ішкі жолдардың 100% - ы қатты жабынмен қамтамасыз етіледі
7.2	Жолды жарықтандыру	Ішкі жолдардың 100% жарығымен қамтамасыз етіледі
8	Инженерлік инфрақұрылым	
8.1	Орталықтандырылған электрмен жабдықтау	Құрылыс нормалары мен қағидалары талаптарына сәйкес елді мекен үздіксіз электр жабдықтаумен қамтамасыз етіледі
8.2	Орталықтандырылған сумен жабдықтау	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес елді мекен 100%-дық орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз етіледі
8.3	Су бұру жүйесі	Су бұру жүйесінің болуы құрылыс нормалары мен қағидаларының, х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес анықталады
8.4	Орталықтандырылған жылумен жабдықтау	Орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың болуы құрылыс нормалары мен қағидаларының, х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес анықталады
8.5	Орталықтандырылған газбен жабдықтау*	Газбен жабдықтаудың болуы

8.6	Тұрғын үй қоры	Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес
9	Қоршаған ортаның қауіпсіздігін және қорғалуын қамтамасыз ету	
9.1	Учаскелік полиция пункті	<p>Учаскелік полиция пункті: қалаларда төрт әкімшілік учаскеден артық емес шекараларда ұйымдастырылады, ол әкімшілік учаскенің (шағын ауданның) орталығында орналасады.</p> <p>Учаскелік полиция пункті жеке тұрған ғимаратта орналасады. Ал кәсіпорындармен, ұйымдармен бір ғимаратта немесе тұрғын үйлерде орналасқан кезде мүгедектерге арналған пандуспен жабдықталған жеке кіру есігі бірінші қабатта орналасады. Учаскелік полиция пунктін орта білім беру және мектепке дейінгі ұйымдарда бір ғимаратта орналастыруға жол берілмейді.</p> <p>Учаскелік полиция пункті учаскелік полиция инспекторына, оның көмекшісіне, ювеналдық полиция қызметкеріне арналған жұмыс кабинеттерінен, азаматтарды қабылдау және жұртшылықпен жұмыс бөлмесінен – ұсталғандарға арналған үй-жайдан, демалыс бөлмесінен (жеке), санитариялық тораптан тұрады.</p>
9.2	Өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің болуы	<p>Қалалар мен елді мекендер үшін өрт сөндіру деполары мен өрт сөндіру автомобильдерінің саны "</p> <p>Өртке қарсы қызмет органдарының объектілерін жобалау" 2.02-105-2014 ҚР ҚЕ-да көзделген елді мекен аумағының алаңына және халықтың санына байланысты</p>
9.3		<p>Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес елді мекендердің аумағында тұтыну</p>

	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған полигондар	қалдықтарын жинауды, пайдалануды, қолдануды, залалсыздандыруды, тасымалдауды, сақтауды және көмуді мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады
9.4	Қоқыс өңдеу кешені	Қоқыс өңдеу кешенінің болуы құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес анықталады
9.5	Қоқысты сұрыптау кешені	Қоқысты сұрыптау кешенінің болуы құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес анықталады
9.6	Қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) бөлек жинауға арналған контейнерлер	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес ҚТҚ жинауға арналған контейнерлер қақпақтармен жабдықталады. Елді мекендерде контейнер алаңын уақытша қоныстарды (вахталық кенттерді, стационарлық емес объектілер мен құрылыстарды) қоспағанда, тұрғын және қоғамдық ғимараттардан, балалар объектілерінен, спорт алаңдарынан және халықтың демалыс орындарынан кемінде 25 м қашықтықта орналастырады.
9.7	Қайталама шикізатты қабылдау пункттері	Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес халықтан қайталама шикізатты қабылдау пункттерін жеке ғимараттарда (павильондар-дүкендер) немесе тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының ғимараттарында жапсаржайларда жобалау қажет
		Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың

9.8	Күл-қож қалдықтарына (ҚТҚ) арналған металл контейнерлер	санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес абаттандырылған тұрғын үй қорында ҚТҚ жинау үшін контейнерлер қолданылады, жеке үй иеліктерінде қақпағы бар еркін конструкциялы ыдыстарды пайдалануға жол беріледі
10	Ақпараттық коммуникация	
10.1	Пошта байланысы бөлімшесі	20-40 мың адамға 1 объект (операциялық зал, әкімшілік үй-жайлар, күтуге арналған зал, банкомат)
10.2	Тіркелген телефон желілері	Абоненттің шеткі жабдығын коммутацияланатын жалпы пайдалану желісімен қосатын және телефон станциясының жабдығында бөлінген порты бар белсенді желі тіркелген телефон желісі болып табылады
